



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

*С.С. Н. 2024 м.*

Алматы қаласы

№

*01/04-250 П*

город Алматы

08.04.2022 жылғы  
№ 01/04-87П бұйрыққа  
өзгеріс енгізу туралы

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 29 тамыздағы № 425 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Диссертациялық кеңес құру туралы» Академия ректорының 2022 жылғы 08 сәуірдегі №01/04-87П бұйрығының 1-тармағында көрсетілген «8D021-Өнер» Диссертациялық кеңесінің тұрақты құрамына өзгеріс енгізілсін:

### Диссертациялық кеңес төрағасы

Каржаубаева Сангуль Камаловна – өнертану докторы, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Сценография» кафедрасының профессоры.

### Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

Нұрпейіс Бақыт Кәкиқызы – өнертану докторы, профессор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры.

### Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Нөгербек Баубек Бауыржанұлы – PhD докторы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті.

### Диссертациялық кеңестің шетелдік тұрақты мүшесі

Каромат Дилором – PhD докторы, Өзбекстан Республикасының Ғылым академиясы Өнертану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Ташкент қ., Өзбекстан).

2. Диссертациялық кеңестің өкілеттік мерзімі 2024 жылдың 31-желтоқсанына дейін айындалсын.

**3. Диссертациялық кеңестің функциялары:**

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;
- 4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- 5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

**4. Диссертациялық кеңестің мүшелері:**

- 1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

**5. Диссертациялық кеңес төрағасы:**

- 1) диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылық жасауға;
- 2) кеңес отырысын өткізуге;
- 3) диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдауды жүзеге асыруға;
- 4) қорғау мерзімін анықтауға;
- 5) қорғау бойынша кеңес отырысына даярлық процесін бақылауды жүзеге асыруға және өтініштерге қол қоюға;
- 6) диссертациялық жұмыстың толық мәтінімен танысып, талдау жүргізуге;
- 7) белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

**6. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:**

- 1) кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болған жағдайда, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрағасы кеңес мәжілісіне қатыспаған жағдайда кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының қызметін орындайды.

**7. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшы қызметі:**

- 1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;
- 2) диссертацияны «Антиплагиат» жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық

*Б.Б. Нур*

кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

- 3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;
- 4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;
- 5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;
- 6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

Ғылыми хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантка жүктеуге жол берілмейді.

8. «Диссертациялық кеңес құру туралы» Академия ректорының 2022 жылғы 08 сәуірдегі №01/04-87П бұйрығының қарастырылмаған бөлігі өзгеріссіз қалдырылады.

9. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор К.З.Халыковтың қызметтік жазбасы.

Ректор



А. Жудебаев